Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9: н**овый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 82-83

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ЖАНШЫҒЫШ-ҰСАҚТАҒЫШЫ

Жұмабай Ж.О.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауында жаңа оңжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, алдағы уақытта агроөнеркәсіп кешендердің өнімділігін көтеру, еңбек өнімділігін жоғарылату, адамдардың еңбектерін және әлеуметтік белсенділіктерін арттыру негізінде халықтың рухани және материалдық деңгейін көтеру міндеті қойылған.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары қой және ірі қара басы жыл сайын 3...5% пайызға өсіп келеді. Демек, болашақта мал шаруашылығы жоғары орында болатыны мәлім. Малдың құнарлы азықтандырылуын, рационында жетіспейтін негізгі құнарлы заттарды құрамажем арқылы дұрыс реттеп отыруға болады. Мысалы, құнарлы жеммен сауын сиырларды азықтандырған кезде, сүттің сауу мөлшері 10...15% көтеріледі.

Бұрынғы үлкен мал фермаларында және кешендерде әмбебап машиналарды енгізген, бірақ мұндай машиналарды қазіргі уақытта пайдалану тиімсіз. Соңғы жылдары Ресей Федерациясындағы «ВНИИКОМЖ» кіші габаритті АМК-1 және МКА-1 құнарлы құрамажем дайындау агрегаттарды шығаруда, қазіргі кезде Алматы қаласындағы «Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-де әмбебап ұсақтағышы ДУ-11, кіші габаритті ДИК-1,5 және көп функционалды МФИ-1 сияқты қондырғылары жасап шығарылып өндіріске енгізіле бастады.

Қазіргі уақытта мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтарды құнарлы құрамажеммен (комбикорм) қамтамасыз ету басты мәселеге айналды. Соңғы уақытта көптеген шаруашылықтар қысқы уақытта құнарлы азық ретінде кептірілген дәнді дақылдарды ұсақтап, мал азығы ретінде пайдаланып жүр. Өйткені дәнді дақылдардың түріне байланысты дәнді азықтардың құнарлығы 0,3...1,4 аралығында азық бірлігін құрайды.

Жоғарыда жазылғандай, ұсақтағыштарда және мал азығын дайындау агрегаттарында дәнді дақылдарды ұсақтау кезінде шығындалатын электрэнергиясының мөлшері 4,8 – 7,0 кВт·сағ/т жұмсалатыны белгілі болды.

Бұл үрдістің энергия шығының азайту үшін, ұсақтау үрдістің орнына, дәнді дақылдарды жаншып ұсақтау әдісі ұсынылып отыр. Осы әдісті іске асыру үшін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде дәнді дақылдарды жаншып ұсақтауға арналған қондырғы жасалып, сынақтан өткізілуде. Жаншып-ұсақтау үрдісіне жұмсалатын қуаттың төмендеуі, өнімділіктің жоғарылауына әсер ететін заңды құбылыс.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Ж.Ж.Мустафин